



ТҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ

№29
(2200)
Сенбі
6 сәуір
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДАҒЫ ОРМАН ТҰҚЫМБАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев, Экология және табиғи ресурстар бірінші вице-министрі Нұркен Шарбиевпен бірге Қазалы қаласындағы тұрақты орман тұқымбағының құрылысымен танысты.

Нысан құрылысы Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті тапсырысымен жүргізілуде. «Еңбек» ЖШС мердігерлігімен жүзеге асырылып жатқан жобаның құны 518,6 млн. теңгені құрайды. Жұмыс 2023 жылдың қыркүйек айында басталған, шілде айында аяқталады деп жоспарлануда.

Тұқымбақтың аумағы 33 гектар. Мұнда көшеттер егіліп, Аралдың кепкен табанында атқарылатын жұмыстарға сексеуіл, басқа да өскіндер дайындалады. Көшеттерді суаруда арнайы технология қолданылады.

Құрылыс барысымен танысқан аймақ басшысы және лауазымды тұлғалар тұқымбақ аумағында сексеуіл көшеттерін отырғызды.

Іссапар барысында Экология және табиғи ресурстар бірінші вице-министріне бірқатар өзекті мәселелер жеткізілді.



Орман шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысын өсіру, өртті ерте анықтайтын құрылғы сатып алу, өзге де маңызды түйткілдер айтылды.

Еске салсақ, Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Абай облысындағы орман өртін жою және орман шаруашылығы ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыру мәселелері талқыланды. Жиналыста бірқатар тапсырма берілген болатын. Олар – орман мекемелерін материалдық-техникалық жарақтандыру,

материалдық қамтамасыз етілуіне толық түгендеу жүргізу, тиісті бюджеттік өтінімдер дайындау және жіберу, пилотсыз ұшу аппараттарын сатып алу, өртті ерте анықтау жүйелерін орнату үшін қажетті шаралар қабылдау, тағы басқа. Осы орайда облыс әкімінің тапсырмасымен орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жергілікті бюджеттен 1,8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Облыс аумағында

мемлекеттік орман қоры жерінің жалпы көлемі – 7 млн. гектар, оның 3,8 млн. гектары – орманды алқаптар. Қызылорда орман шаруашылығы мекемесіне қарасты жер көлемі – 838022 гектар, оның ішінде орманды жер – 707 613 гектар. Мекеме өрттің алдын алу, дер кезінде байқап, жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады. Мемлекеттік орман қоры аумағындағы жұмысшылардың, онда орналасқан ұйымдардың, жеке тұлғалардың өрт қауіпсіздігі, санитарлық ережелерді сақтауын қамтамасыз етеді. Қызылорда орман шаруашылығы мекемесіне шөлді сексеуілді және тоғайлы аумақтар тиесілі. Шөлді аймақтың климаты күрт континентальды, жазы өте ыстық, температура + 48, оның үстіне құрғақ болғандықтан, өрт қаупі жоғары. Аумақ өте жоғары табиғи өрт қаупі класына жатады.

Осы орайда, «Ақтөбе» және «Тартоғай» орманшылығына өртті ерте анықтайтын 2 құрылғы сатып алуға республикалық бюджеттен 552,2 млн. теңге бөлу мәселесі көтерілді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН АРАЛДЫҢ ҚҰРҒАҒАН ҰЛТАНЫНА 15,3 МЛН ТҮП СЕКСЕУІЛ КӨШЕТТЕРІ ЕГІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев, Экология және табиғи ресурстар бірінші вице-министрі Нұркен Шарбиевпен бірге Арал, Қазалы аудандарына іссапар қазан барып, Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы сексеуіл егу жұмыстарымен танысты.

Іссапар барысында аймақ басшысы бастаған делегация теңіздің құрғаған ұлтанының орамдарын әуеден бақылап, содан кейін сексеуіл көшеттерін отырғызды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Арал теңізінің құрғаған ұлтанына 1,1 млн. гектар сексеуіл екпелерін егу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, республикалық және облыстық бюджет есебінен 2021 жылы 101 мың гектар,

2022 жылы 250 мың гектар, 2023 жылы 193,2 мың гектар жерге фитоорманмелиорациялық жұмыстары жүргізілді.

2024-2025 жылдар аралығында 556,2 мың гектар жерге фитоорманмелиорациялық жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

Бүгінгі күнге құрғаған ұлтанның 51,6 мың гектарына 15,3 млн. дана көшет отырғызылды.

Орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін облыс әкімінің тапсырмасымен облыстық бюджеттен 1,8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Сондай-ақ, теңіз табанындағы 150 мың гектар жердің топырағын зерттеу және жобалау жұмыстарына

облыстық бюджеттен 58,4 млн. теңге бөлінді. Күз мезгілінде 50 мың гектар жерге сексеуіл тұқымын себу үшін 180 тонна орман ағаштарының тұқымы жиналады.

Аралдың экологиялық жақсарту жақсарту бағытындағы жұмыстарға инвесторларды тарту жүйелі жүргізілуде. Өңір үшін маңызды мәселемен белгілі кәсіпкер, меценат Т. Турлов күні кеше арнайы танысып, 2 млн. АҚШ долларын бөлу туралы шешім қабылдады.

Бұл бағыттағы жұмыстарға іссапар барысындағы келіссөздер нәтижесінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниясы да 500 млн. теңге бөлетін болды.

Алдағы аптада 20 елдің Қазақстан Республикасындағы елшілері Арал ауданына арнайы келеді. Елшілер өз кезегінде

аймақтың экологиялық мәселелерімен танысып, оны жақсартуға инвестиция тарту бағытында жұмыс істейтін болады.

Жалпы құрғаған ұлтанға сексеуіл егу тәжірибесі білікті мамандар тарапынан қолдау тапты. Себебі сексеуіл құрғақшылыққа төзімді. Сексеуіл өсетін жерде табиғаттың тепе-теңдігі сақталып, құм мен тұз көшпейді. Мәліметтерге қарағанда, бір түп сексеуіл шамамен 6-8 тоннадай құмды ұстап қалады.

Биыл еліміз Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық етуде. Теңіздің кепкен табанына өскіндер егу мәселесін аймақ басшысы тұрақты бақылауына алып, бұл ортақ іске кәсіпкерлерді де жұмылдыруда.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

● КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Әлмәмбет Әлішевтің туғанына – 85 жыл!

РУХАНИ ҰСТАЗЫМ БОЛАТЫН



Оқушы кезімде мақалаларым «Қазақстан пионері» мен аудандық «Ленин туы» газетінде жарияланып тұрғандықтан, газет редакциясында қызмет істейтін адамдарды құрметтейтінмін. Кейін мектепте мұғалім болып істеп жүргенде, аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне мақалаларым жарияланып тұрды. Газеттің бас редакторы Әлмәмбет ағаммен жиі кездестім. Мақаламды редакцияға мектепте сабағым жоқ күні апаруға тырысатынмын. Себебі, Әлмәмбет ағам мақаламды асықпай оқып шығып, кемшілік тұсын айтып, ақыл-кеңесін беретін еді. Сосын әңгіме тақырыбы өлке тарихына ауысатын, мен үшін ол жылдар тарихшы болып қалыптасуыма көп әсер етті.

Әлекеңнің еңбекқорлығы өз алдына бір төбе, ауылдың мектебін үздік бітірсе де, орыс тілділердің ортасында болмағандықтан, аудандық комсомол комитетінде қызмет істеп жүргенде, орыстың бір сөзінің жұрнағын дұрыс айтпағанда, мырс етіп күлген орыс әйелін байқап қалып, мектептегі орыс тілі оқулығының бәрін қайта оқып шыққанының өзі неге тұрады? Кейін Үрмәш батыр туралы кітап жазу мақсатымен 1967 жылы Латвияға барғанда В.И.Лениннің 97 жылдығымен сәйкес келіп, Лудза аудандық партия комитетінің салтанатты жиынында қағазға қарамай-ақ ұзақ сөз сөйлегенде, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, ұлты орыс Виноградов таң қалған болатын.

Бір байқағаным: Әлмәмбет ағамның есте сақтау қабілетінің ерекшелігі еді, әңгіме барысында айтып отырған тақырып дерегі қай басылымда, ол қай жылы шыққанын айтып отыратын еді.

2008 жылы 30 тамызда ауданға белгілі ұстаз Қази Жүсіп туралы «Тарихшылардың тәлімгері» деген мақаламды суретімен қоса апарғанымда: «бұл адамды мен танимын, оқушы кезінде мен аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы едім, теміржолшылар клубында домбырашылар оркестірін

ұйымдастырғанымда, қазіргі белгілі термеші Сардарбек Қожағұлов екеуі қатысқан болатын»-дегенде есте сақтау қабілетіне таң қалғанмын.

Әлмәмбет ағамыздың 80 жылдығына байланысты «Жазушы Әлішев батыр Үрмәшті халқымен қалай қайта қауыштырды» деген көлемді мақала жазу барысында соңғы рет ағаммен сұхбаттасқан болатынмын. Науқастанып қалуына байланысты үй телефонымен ұзақ сөйлесіп керек деректерді сұрап алғанмын. Ауру меңдесе де болған оқиғаларды жылы мен күніне дейін айтқаны есімде. Әлмәмбет ағаммен тағы да байланыстыратыны екеуіміздің әкелеріміз де соғысқа қатысқан, әкесі Әліш соғыста ерлікпен қаза тапса, менің әкем Абдулла аман келген еді. Екеуіміздің соғыс тақырыбында сөйлескеніміз өз алдына ұзақ әңгіме.

Туған топырағына тартқан тегеурінді тұлғаны Үрмәш батырдың жерлестері ерекше қадір тұтты. 1987 жылы Кеңес Одағының батыры Үрмәш Түктібаевтың 70 жылдығы аталып өткенде, батырдың жерлестері жазушы Әлмәмбет Әлішевті ақбоз атқа отырғызып ризашылығын білдірген болатын.

«Батыр болып тумайды» кітабының соңғы нүктесін қойғанда, эпиграфына: «Осы еңбегімді соғыста ерлікпен қаза тапқан аяулы әкем-Әліш Үмбетәлиевтің рухына арнаймын» деп жазған болатын.

Талантты жазушылардың барлығы ауылдан шығады, білім алып, шығармашылығы шыңдалып, әдеби ортада және халыққа танымал болғасын, қайтадан туған аулына аңсары ауады. Көшіп барайын десе, астанадағы үй-жайын қимайды, тек ілеуде біреуі ғана тәуекелге барады. Ал, өзіміздің жазушы Әлмәмбет ағамыздың туған жерін мүмкіндігі болса да, Алматыға айырбастаған жоқ. Табанының бүрі бар тарлан тұлға Қазалыда тұрып-ақ, КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі болып, романдар мен повестерін шығарып, қазақ әдебиетінде өз орнын ойып тұрып алды. Жазушы Ә.Әлішевтің шығармашылығын кезінде Социалистік Еңбек Ері, академик жазушы Ғабит Мүсірепов, жазушылар Ілияс Есенберлин, Дүкенбай Досжанов, Машқар Гумеров, Сәуірбек Бақбергенев, Қалдарбек Найманбаев, Қуаныш Жиенбай жоғары бағалаған болатын.

Ағамыз «туған жерім-құт мекенім деп» туған жері мен халқына қалтқысыз еңбек етті. Әсіресе, Арал тағдыры оны қатты ойландыратын. 1988 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде шыққан бір беттік Арал мәселесі туралы мақаласы санамызды дүр сілкіндірген болатын. Туған жерім деп соққан жүректің тоқтағанына да осы жылы 5 жыл толады. Осыған орай қаламы қарымды жазушы, жалынды публицист Әлмәмбет Әлішевтің есімін есте қалдыруды қолға алған дұрыс болар еді. Менің ойымша ауданға еңбегі сіңген марқұмдарға көше аты берілуде, бірақ Әлмәмбет ағамыздың орны бөлек. Сондықтан аудан өміріндегі рухани істердің басым көпшілігін атқарып жүрген, аудандық орталық кітапханаға есімі берілгені дұрыс болар еді. Менің осы ұсынысымды өзгелер қолдаса деймін.

Бақытжан ТҮМЕНБАЙ,
Қазақстан
Журналистер
Одағының мүшесі

МЕНІ ТӘРБИЕЛЕП, ТІЛШІ ЕТКЕН АҒА!

Мен 1970 жылдан аудандық «Ленин туы» газетіне мақала жазатынмын. Көбіне ауыл еңбеккерлері мен өнер адамдарының өмір жолы, жеткен жетістіктері жайлы қалам тербеймін.

Бірде аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне Ұлы Отан соғысына қатысқан, елін, жерін жаудан қорғап, оқпен оттың ортасында жүріп ерлік көрсеткен, шешемнің інісі Есалы атты нағашым жайлы көлемді «Менің нағашыларым» атты мақала жазған болатынмын.

Ойымда ештеңе жоқ даладан үйге кіргенімде, немерем алдымнан шығып:

-Ата, ата, сізді газеттің бастығы телефонмен звондап келсін деп шақырып жатыр демесі барма.

Бұрын соңды ол кісімен сөйлесіп, тілдесіп көрген емеспін. Сырттай есіткенім болмаса танымаймын. Нағашым әскер басшысы Власовтың армиясында болып тұтқынға алынып, кейін ақталып шыққан. Сол мақалада қателік болды ма деген ой мазалады.

Ертесіне газет редакциясына бардым. Хатшы қыз келгенімді айтып, имене ішке кірдім. Төрде отырған ағаға сәлем беріп қолынан алдым.

-Отыр,- деп орындықты нұсқады.

-Інім, сенімен танысайын деп шақырдым. Жазатыныңды білемін. Мына көлемді «Менің нағашыларым» атты мақалаңды оқып шықтың. Тартымды, жақсы жазғаның. Бәріде рет-ретімен айтылып, орын-орнына жазылған, сүйсініп қалдым. Менде нағашыңмын, осылай жазуыңды тоқтатпай біздің газетке жазып тұр,-деді байыпты үнмен.

Әлмәмбет ағаймен танысып, осылай жүздесіп кабинеттен көңілді шықтым.

Көп уақыт өтпей-ақ газетке тілші етіп қабылдады. Міне, осылай тілші болып шыға келдім.

Әлекең үнемі ақыл-кеңесін айтудан жалықпайтын. Ойыңа ой қосып отыратын. Азанда жұмысқа келгеніңде шақырып алып, газет ел-халықтың көзі әрі құлағы, сондықтан жазатын мақалаңды екшеп, елеп, ой елегінен өткізіп, анықтап барып жазу керек. Сонда ісінде нақты, ойыңда жүйрік болады,-деуші еді. Солай жазып та жүрдік. Ағамыз тек маған емес, өзгеде қызметкерлерге осылай айтатын.

Алла тағала әр пендеге санаулы өмір береді. Сол жасты жасап болған соң өмірден озасың. Егер Әлекең ағамыз тірі болғанда 85 жасқа толып, ортамызда отырған болар еді. Алла ісіне амал барма? Алла алдынан жарылқасын.

Ағаның өткен өмір жолы, тәрбиесі, өнегелі ісі артында қалған балаларына, ұрпақтарына аманат дей отырып, жұғысты болсын деген тілегімді білдіремін.

Тілектес АЯЗБАЕВ,
«Тұран-Қазалы» газетінің
бұрынғы қызметкері,
еңбек ардагері

21 СӘУІР – ӨКІЛЕТТІГІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТЫЛҒАН «САРЫКӨЛ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Сарыкөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Сералиев Нұркен Жарболұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Сералиев Нұркен Жарболұлы 1981 жылдың 23 мамырында дүниеге келдім. Ұлым қазақ.

1988 жылы Қазалы ауданы, Құмжиек ауылындағы №92 қазақ орта мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 1998 жылы Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылындағы №190 орта мектебінің 11 сыныбын бітірдім.

Білімім жоғары, 2003 жылы Қызылорда қаласындағы Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетінде «Заңгер» мамандығы бойынша білім алдым.

Алғашқы еңбек жолымды 2004-2007 жылдары «Сарыкөл» ауылдық округі әкімі аппаратының маман-юристконсульты, 2007-2011 жыл-

дары Қазалы ауданының әділет басқармасының жетекші маманы, 2011-2013 жылдары Қазалы ауданының әділет басқармасының бас маманы, 2013-2017 жылдары «Әйтеке би кенті әкімі аппараты» ММ-нің құжаттамалық қамтамасыз ету және құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы. 2017-2019 жылдары «Әйтеке би кенті әкімі аппараты» КММ-нің есеп және шаруашылық бөлімінің басшысы. 2019-2023 жылдары «Ақжона» ауылдық округінің әкімі, 2023 жылдың наурыз айынан бастап «Қазалы ауданының жұмыспен қамту орталығы» КММ заңгері болып қызмет атқардым. 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап «Қазалы аудандық отбасын қолдау орталығы» КММ заңгері қызметін атқарып келемін.

Жетістіктерім: Қазақстан Республикасының «Үздік ауыл әкімі» төсбелгісі, Құрмет грамотасы;

Облыс және аудан әкімдерінің алғыс хаты.

Ендігі кезекте осы уақытқа дейін жинаған тәжірибемді «Сарыкөл» ауылдық округінің өркендеуіне жұмсап, гүлденуі үшін қолымнан келгенше бар күш жігерімді салып, өзекті мәселелердің оңтайлы шешім табуына жұмыс істесем деймін.

Бұл үшін маған Сіздердің қолдауларыңыз керек!

Мен әрқашан байланыстамын!
Тел/WhatsApp: +7 702 622 28 28
Құрметпен,
Сералиев Нұркен

«Сарыкөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Сералиев Нұркен Жарболұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Мені ауылдық округ әкімі етіп сайласаңыздар алдағы 4 жылда;

Абай ауылындағы №23 Қарлығаш балабақшасының күрделі жөндеуден өтуіне;

Абай ауылындағы ішкі көше жолдарының жөндеуден өтуіне және ауыл көшелерін жарықтандыруға;

Абай ауылындағы электр желілерін қайта жаңғырту (электр бағаналарын, септік кабель, трансформатор) жұмыстарын жүргізуге;

Абай ауылындағы әкімшілік ғимаратын жаңадан салуға;

Орталықтағы спорт алаңын орташа жөндеуден өткізуге;

«Сол жаға» каналындағы көпірді жаңадан салуға ықпал етуге;

Ауылға инвесторларды тартуды ұйымдастыру;

Ауылдық округке және елді мекендерге ұңғымалы бұлақтар қаздыруға;

Ауылдағы аяқ суға электронасын жаңартуға;

Мамандармен бірлесіп, «Ақсай» арнасына тоспа салу жұмыстарын ұйымдастыру;

Ауылдық округке қарасты жайлымдық жерлерін түгендеу, кеңейту және көлдерге суару жұмыстарын жүргізуге;

Мал азығын (жоңышқа, жүгері,бидай) дайындауды ұйымдастыруға;

Мал тоғыту ваннасын дайындауды ұйымдастыру;

Бау-бақша дақылдарын егу жұмыстарын ұйымдастыру;

Қалқымалы көпірге бейнебақылау және жарық жүргізіп, күтіп ұстауға;

Абай ауылындағы кіре беріс төлқұжатын жаңалауға;

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға;

«Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру үшін көркейту, көгалдандыру және санитарлық-тазалық жұмыстарын әрі қарай жандандыруға;

Абай ауылында «Жасыл белдеу» құруға;

Абай ауылындағы көшелерге қоқыс жәшігін орнатуға;

Көп балалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға қайтарымсыз мемлекеттік гранттар алып, сондай-ақ ауыл жастарына мемлекеттік бағдарламалар аясында 2,5 пайыздық несие алып, өз кәсіптерін ашуға;

Ауыл тұрғындарына жастар тәжірибесі, алғашқы жұмыс орны, күміс жас, ұрпақтар келісім-шарты және әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыру;

«Ауыл аманаты» жобасына сәйкес ауылдық округтегі жаңадан кәсіп ашамын деген азаматтарға 2,5 пайыздық несие алуына жәрдемдесуге;

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге, олардың қоршаған ортаны қорғау мәдениетін дамытуға, округ көлемінде жастар саясатын жүйелі түрде жүргізу, жастар арасындағы жұмыссыздықты жою мен олардың демалысын өз деңгейінде өткізуге ықпал етуге;

Ауылдағы мәселелерді шешу үшін әрине қаржы керек, ауыл бюджетінің көлемі де өздеріңізге белгілі. Осы орайда, ауылға түсетін салықтық түсімдерді көбейтуге жұмыс істеймін;

«Сарыкөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Нуржаубаев Ерлан Аскаровичтың ӨМІРБАЯНЫ



Нуржаубаев Ерлан Аскарович 14 қаңтар 1978 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген.

2005 жылдың 1 тамызы мен 2006 жылдың 13 наурыз аралығында Қазалы аудандық «Қожаназар ишан» мешітінде іс-басқарушы, 2006 жылдың 10 тамызы мен 2008

жылдың 24 қарашасы аралығында «Қазалы аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің социологы, 2008 жылдың 24 қарашасы мен 2009 жылдың 9 ақпан аралығында «Қазалы аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жетекші маман, 2009 жылдың 9 ақпан мен 2020 жылдың 8 маусым аралығында «Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы, 2020 жылдың 8 маусымынан бүгінгі күнде Қазалы ауданы әкімінің аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің бас инспекторы қызметін атқарып келеді.

Әйелі Кудайбергенова Назира Турғалиевна екеуі 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отыр.

«Сарыкөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Нуржаубаев Ерлан Аскаровичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ҚР Президентінің стратегиялық бағдарламаларына іске асыру мақсатында «Сарыкөл» ауылдық округі әкімі етіп сайланған жағдайда төмендегі жұмыстарды іске асыратын боламын.

1.Бірінші кезекте «Абай» аулына жаңадан балабақша құрылысын салуға ықпал етемін. Ол үшін жоғары тұрған бюджет әкімшілеріне нақты ұсыныс беремін;

2.Ауылда жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту мақсатында кәсіпкерлікті дамытуды қолға аламын. Жас кәсіпкерлердің бизнес-жобаларын дайындап, тиісті мекемелерге барып, жеңілдетілген несие алуына жәрдемдесемін;

3.Ауыл шаруашылығы са-

ласын қолдау мақсатында ша-руа қожалықтарын біріктіріп, ауыл шаруашылық өндірістік кооператив құрып, пайызсыз несие алуына және ауыл шаруашылығы құрылымдарына мемлекеттен берілетін субсидия алуына ықпал етемін;

4.Азық-түлік қауіпсіздігін болдырмау мақсатында ауыл тұрғындарын жаппай бақша етуге жұмылдырамын. Ол үшін тұрғындарға бақша егетін жерлерін дайындап, қоршап, тиісті аяқ сумен қамтылуын қадағалап, дайын өнімдерін нарықтағы бағасымен сатуды ұйымдастырамын;

5.Ауыл маңындағы мал жайылымдарының суландырылуын, оларға ауыл тұрғындарының

түлігінің жайылуын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал жасаймын;

6.Ауылға сырттан инвестиция тартуды қолға аламын. Ол үшін аудандағы және сыртта жүрген инвесторларды тартатын боламын;

7.Ауылдағы асфальттанбаған көшелерді қаржы бөлдіріп, жөндеуді қолға аламын;

8.Ауыл көшелерін түнгі жарық шамдармен қамтамасыз етуге ықпал етемін;

9.Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайларының жақсы болуы негізгі міндетім болып табылады. Осы жұмыстарды ауыл тұрғындарымен ақылдаса отырып, атқаратын боламын.

21 СӘУІР – ӨКІЛЕТТІГІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТЫЛҒАН «САРЫКӨЛ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Сарыкөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Бердімұрат Рахымжан Дабылұлының ӨМІРБАЯНЫ



Бердімұрат Рахымжан Дабылұлы 1982 жылы 10 наурызда Қазалы ауданы, Абай ауылында дүниеге келген.

1988-1999 жылдары Абай ауылындағы Абай атындағы №90 орта мектебінде орта білім алған.

2000-2004 жылдары Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Дизайн» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Алғашқы еңбек жолын 2003-2005 жылдары Қызылорда қаласында ЖК «Р-Дизайн» мекемесінде дизайнер болып бастаған.

2006-2007 жылдары Қызылорда қаласында ЖК «Құдиярова Ж.» мекемесінде дизайнер,

2007-2008 жылдары Қызылорда қаласында «Тұран-Әлем Банкі» АҚ Қызылорда филиалында менеджер, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі «БТА Банкі» АҚ ҚФ, «Жанкент» бөлімшесінің бастығы, кредит expertі,

2008-2010 жылдары Ақтөбе қаласы «Корпорация Сайно» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде атқарушы директор;

2010-2018 жылдары Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде ЖК «Бердімұрат Р.» жеке кәсіпкер,

2019 жылдан осы уақытқа дейін Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде «Бердимұратов Б.» жеке кәсіпкерліктің өндіріс басшысы болып жұмыс істейді.

Отбасылы, 1 қыз, 2 ер бала тәрбиелеп отыр.

«Сарыкөл» ауылдық округі әкіміне кандидат Бердімұрат Рахымжан Дабылұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Құрметті ауыл тұрғындары! Мені «Сарыкөл» ауылдық округі әкімі лауазымына лайықты деп сайласаңыздар, бағдарламамда көрсетілген мәселелерді сөз жүзінде емес, іс жүзінде атқаруға уәде етемін!

1. М е м л е к е т т і к бағдарламалар арқылы халықтың өмір сүру сапасын арттыру және тұрғындарға әкімдік тарапынан көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуді жүзеге асыру. Округ тұрғындарының талап-тілектерін, өтініштерін орындау мақсатында аудандық, облыстық жоғары өкілетті мемлекеттік мекемелерге ұсыныстар жеткізе отырып, елді мекеннің әлеуметтік және экономикалық дамуына бар күш жігерімді саламын;

2.Тазалық, көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарының өз дәрежесінде жүргізілуін қадағалау, электр желілерін қайта жаңғырту, А.Құнанбаев көшесіне түнгі көше жарық шамдарын орнатуды жүргізе отырып бір мезетте Жаңа ауыл, І.Саймаханов көшелерін жарықтандыру жұмыстарын қоса атқару;

3. Жаңа ауыл, І.Саймаханов көшелеріне және кезектілігіне сәйкес асфальт төселмеген өзге көшелерге жоба сметалық құжаттарын әзірлеп күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді, жаңадан берілетін жер телімдерін осы көше бойынан беруді жоспарлап, балаларға арналған ойын алаңын салуды;

4. М е д и ц и н а л ы қ амбулаторияның жұмысын жандандыруға, жедел жәрдем көлігімен қамтамасыз ету, халыққа сапалы әрі дер кезінде медициналық көмек көрсету

жұмыстарына өз күзіретім шегінде бақылау орнататын боламын.

5. Қала мен аудан орталығына қатынайтын қоғамдық көлік мәселесін жергілікті жердегі жеке кәсіпкерлер арқылы шешуді және қалқымалы көпірге уақытылы күтім жасалып, алынып-салынуын қадағалауды қолға аламын, күн тәртібінен осы мәселені түсірмеуді назарда ұстаймын.

6. Бау-бақша өнімдерін егумен айналысатын тұрғындарды қажетті жер телімдерімен қамтамасыз етіп, аяқсу жеткізудегі проблемалық мәселелерді бірлесіп шешуге;

7. Шаруа қожалықтарының мал басын асылдандыру, мал бордақылау алаңдарын ашып, шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында жұқпалы мал ауруларының алдын алуды, арнайы мал тоғыту орнын, мал өрісі жерлерін ретке келтіру жолдарын қарастырамын.

8.Жергілікті ардагерлер кеңесі, әйелдер кеңесі, жастар ұйымы мен діни бірлестік мүшелерімен бірлесе отырып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, елдің ауызбіршілікте болып еңбек етуіне арналған іс-шаралар ұйымдастыратын боламын.

9.Аз қамтылған отбасылардың, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың тұрмыс жағдайын тұрақты түрде назарда ұстауды қолға аламын.

10. Жастар мемлекетіміздің болашағын баянды етуге, қуатын арттыруға, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың амандығын сақтау үлкен жауапкершілік екенін сезіну

қажет. Ауылдан шыққан танымал тұлғалардың мәдени-рухани мұрасын насихаттау, ауылдағы мәдени іс-шаралардың өз деңгейінде өтуіне атсалысамын.

11. Спорттық секцияларды жандандыруды қолға алу, бұқаралық спортты дамытуға сондай-ақ, олимпиадалық бағдарламаға енгізілген спорт түрлерімен айналысушы талантты жастарымызға қолдау көрсетуді қолға аламын.

12. Ұлттық жоба аясында 400 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшеріндегі грант, жастарға арналған жеңілдетілген 2,5 пайыздық несие және «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру мақсатында жаңадан кәсіп бастағысы келетін немесе кәсібін кеңейтуге ниетті азаматтардың (шаруа қожалығы, өндірістік кооперативтер) жеңілдетілген несие алуына тиісті орындармен бірлесе отырып сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуге атсалысамын.

13.Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге инвестиция тартып, салық базасын ұлғайтуға жұмыс істеймін.

14. Мал ұрлығы, түрлі құқық бұзушылықтың алдын алу үшін құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып кіре беріс көше мен халық көп шоғырланатын аймақты бейнебақылау камерасымен қамтамасыз ету мәселесін шешемін.

Құрметті ауыл тұрғындары! Барлықтарыңызды сайлауға бір кісідей қатысып, өз таңдауларыңызды жасауға шақырамын!

Құрметпен, «Сарыкөл» ауылдық округі әкімі лауазымына кандидат Бердімұрат Рахымжан Дабылұлы.

ОРМАН-ДАЛА АЛҚАПТАРЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ

Өрт - барлық апаттың бастауы. Ол күрделі шығынға әкеліп соқтырады. Сондықтан оған деген немқұрайлықтан, селқостықтан арылуымыз керек. Өрт әр түрлі жағдайда шығуы мүмкін, соның бір түрі орман - дала өрті. Жылдың көктем, жаз мезгілдерінде орман-дала өрті көп орын алады. Себебі, күннің қызуынан шөптердің қурап, көгеріп өзі өртенуінен және саяжайға демалысқа барған азаматтар мен азаматшалардың ошақ құрып, от жағып, өртті өшірмей немқұрайлы қараусыз қалдыру салдарынан болады.

Табиғатты қорғауда орман шаруашылығы мекемесі қызметінің маңызы зор. Әрбір қорықшы өзіне бекітілген учаскесінде бақылауды күшейткен жағдайда өрттің шығуы аз болар еді. Өрттердің шығу себептері шаруашылық басшыларының, жеке азаматтардың көктем айларында егіске, бау-бақша егуге даярлық кезінде өртке қарсы ережелерді сақтамауынан. Атап айтатын болсақ, егіс егетін жерлерді, су арналарын арам шөптерден тазарту үшін өртейді де, отты сөндірмей бақылаусыз қалдырып кетеді. Соның салдарынан өрт желдің әсерімен жан-жаққа жайылып табиғатқа қыруар зиянын тигізеді. Осындай жағдайларды болдырмау үшін шаруашылық басшылары дала жұмысына бөлінген адамдардың өртке қарсы ережелерді қатаң сақтауын талап етуі тиіс.

Шапағат ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау майоры

Хабарландыру

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ЖИНАЛЫСЫНА ШАҚЫРАМЫЗ

«Майдакөл» аулы тұрғындарын 2024 жылы 6 мамырда сағат 11:00-де ауылдық клуб үйінде болатын жергілікті қоғамдастықтың жиналысына шақырамыз.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе: «Майдакөл» ауылындағы «Шаңауыл» көшесін қайта атау туралы

«Ақжона» ауылдық округі әкімінің аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.